

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 наурызда № 13420 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 07.08.2023 № 249 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 81) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейін қолдауды ұйымдастыру және жүргізу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мектепке дейінгі және орта білім, ақпараттық технологиялар департаменті (Ж.А. Жонтаева) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. "Педагог кадрлардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 9 шілдедегі № 447 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 11 тамызда № 11861 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 21 тамызда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым

Министрі

А. Сәрінжіпов

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 28 қаңтардағы
№ 95 бұйрығымен
бекітілген

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.05.2026 № 145 -НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ереже

1. Осы педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 81) тармақшасына сәйкес әзірленді және педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) біліктілік – тиісті кәсіби қызмет түрі шеңберінде жұмыстарды орындау үшін қажетті кәсіби білім, іскерлік, дағды және жұмыс тәжірибесінің жиынтығы;

2) жаттықтырушы-оқытушы – Курстардың білім беру бағдарламаларын бойынша іске асырушы тұлға;

3) қорытынды бағалау – педагогтің Курстың білім беру бағдарламасын меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім;

4) оқытуды басқару жүйесі Learning management system – LMS (Ленинг менеджмент жүйелері – LMS) (бұдан әрі – LMS) – оқу процесін басқаруды автоматтандыруға арналған цифрландыру объектісі.

5) педагогтердің біліктілігін арттыру курсы (бұдан әрі – Курс) - қосымша кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламасы бойынша іске асырылатын оқыту нысаны;

6) педагогтердің біліктілігін арттыру – оқыту мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны;

7) педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымы – үздіксіз білім беру жүйесінде педагогтердің біліктілігін арттыру Курстарының білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйым (бұдан әрі – Ұйым);

8) Педагогтердің бірыңғай деректер қоры" цифрлық объектісі (бұдан әрі – ПБДҚ) – білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған, педагогтің біліктілігін арттыру курстарынан өткені туралы деректерді жинауды, өңдеуді және верификациялауды қамтамасыз ететін Ұйымның цифрлық жүйесі;

9) педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу – педагогтің курстан кейінгі қызметін үздіксіз мониторингтеу және әдістемелік, консультациялық көмек көрсету арқылы оның кәсіби құзыреттілігін дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі;

10) сертификат – біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасына сәйкес қорытынды бағалаудан табысты өткен тыңдаушыларға берілетін құжат;

11) сертификатқа қосымша – бағалары көрсетілген білім беру бағдарламасының меңгерілген модульдерінің тізбесі бар құжат;

12) тыңдаушы – Курстан өтуші тұлға.

3. Курстарды білім беру қызметін жүзеге асыратын және:

1) біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасының бағыты бойынша кемінде 3 (үш) жыл жұмыс өтілі бар жаттықтырушы-оқытушылар. Бұл ретте ұйым жаттықтырушы-оқытушыларының жалпы санының кемінде 40% – мынадай дәрежелер мен біліктіліктердің бірі болуы тиіс:

ғылым кандидаты (ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе магистр дәрежесі;

"педагог-зерттеуші" біліктілік санаты;

"педагог-шебер" біліктілік санаты;

немесе тиісті бейін бойынша ұйымдардың (өндірістік кәсіпорындардың) мамандары мен қызметкерлерінің болуы;

2) қашықтан немесе аралас нысанда оқытуды жүзеге асыру кезінде LMS пайдалану туралы мәліметтер қамтылған Ұйымның интернет-ресурсы;

3) санитарлық қағидалар мен өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін меншікті немесе шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығындағы материалдық активтер немесе жалға берілетін материалдық активтер.

Курстарды өткізу кезеңінде жекелеген дәрістерді оқуға және практикалық сабақтарды жүргізуге ұйымның шешімі бойынша өңірлік палаталардың, кәсіпорындардың және қызметкерлер қауымдастықтарының өкілдері тартылады.

2-тарау. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру тәртібі

4. Ұйым білім саласындағы уәкілетті органға (бұдан әрі - Уәкілетті орган) келесі құжаттарды (бұдан әрі – Құжаттар) ұсынады:

- 1) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама не куәліктің көшірмесі, нотариалдық куәландырылған Ұйымның жарғысы;
- 3) жаттықтырушы-оқытушылардың білімі, дәрежесі немесе біліктілік санатының берілгенін, сондай-ақ өндірістік кәсіпорындағы кемінде 3 (үш) жылдық жұмыс өтілін растайтын құжаттардың көшірмелері;
- 4) жаттықтырушы-оқытушылармен жасалған еңбек-шартының немесе Курсты өткізу бойынша өтеулі қызметтер көрсету шартының көшірмесі;
- 5) жеке ғимаратының бар екендігін растайтын немесе шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе материалдық активтерді сенімгерлік басқару құқығына жататын құжаттардың көшірмелері немесе оқу құралдарымен жабдықталған арнайы кабинеті бар жалға берілетін материалдық активтер;
- 6) санитарлық-эпидемиологиялық қорытындының (актінің) және өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру нәтижелері туралы актінің (хаттың) көшірмесі;
- 7) қашықтан немесе аралас нысанда оқытуды жүзеге асыру кезінде LMS-ті пайдалану туралы мәліметтер қамтылған Ұйымның интернет-ресурсына сілтемесі және LMS-тің жұмыс істеуі мен пайдаланылуын растайтын құжаттар, оның ішінде оны енгізу туралы бұйрық, пайдалануға беру актісі немесе қызметтер көрсетуге арналған келісімшарт.

5. Ұйымның құжаттарының осы Қағидалардың 3-тармағының талаптарына сәйкестігін қарау және мониторинг жүргізу үшін Уәкілетті органның бұйрығымен өкілеттік мерзімі – 3 (үш) жыл болатын Комиссия құрылады.

Комиссия құрамына Уәкілетті органның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері мен білім беру саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшелерінен кемінде 5 (бес) адамнан құрылады.

Комиссия қызметінде мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда Комиссия құрамы қайта қаралады.

Мүдделер қақтығысы деп Комиссия құрамына кіретін адамдардың жеке мүдделері олардың өз міндеттерін орындамауына немесе тиісті деңгейде орындамауына әкеп соғуы мүмкін жағдай түсініледі.

Комиссия отырысы оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды деп танылады.

6. Уәкілетті орган құжаттар келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оларды Комиссияның қарауына жібереді. Құжаттарды қарау мерзімі – 10 (он) жұмыс күні.

Ұйымның құжаттарын қарау қорытындылары бойынша Комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды: осы Қағидалардың 3-тармағында белгіленген өлшемшарттарға "сәйкес келеді" немесе "сәйкес келмейді".

"Сәйкес келмейді" деген шешім шығарылған кезде Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес Уәкілетті орган Ұйымға бас тарту туралы алдын ала шешім, тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы хабарлама жібереді. Тыңдау нәтижелері туралы уәкілетті тұлға қол қойған хабарламаны Уәкілетті орган Ұйымға жолдайды.

Комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа шағым жасауға ҚР ӘРПК 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

7. Уәкілетті орган Комиссияның осы Қағидалардың 3-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы шешімі негізінде Ұйымды осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымдарының тізіліміне (бұдан әрі – Тізілім) 3 (үш) жыл мерзімге енгізеді.

Тізілім Уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

8. Тізілімде болу мерзімін мерзім аяқталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын ұзарту үшін уәкілетті органға осы Қағидалардың 4-тармағында көзделген құжаттар ұсынылады және осы Қағидалардың 6-тармағында белгіленген мерзімдерде қаралады.

Мерзімдерді ұзарту үшін құжаттарды қарау нәтижелері бойынша уәкілетті орган 3 (үш) жылға ұзарту туралы немесе мерзімді ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

9. Тізілімге енгізілген ұйымдардың мониторингін Комиссия жүргізеді.

Ұйым жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанына дейін ПБДҚ-на педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламаларын іске асыру бойынша қызмет нәтижелері туралы есеп орналастырады.

Ұйым педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламаларын іске асыру бойынша қызмет нәтижелері туралы есепті өткен күнтізбелік жыл үшін ұсынады. Ұйым Тізілімге енгізілген жылы көрсетілген есеп Тізілімге енгізілген күннен бастап тиісті күнтізбелік жыл аяқталғанға дейінгі кезең үшін ұсынылады.

Іске асырылған біліктілікті арттыру курстары мен тыңдаушылар туралы мәліметтер ұйым ПБДҚ-на енгізген мәліметтер негізінде қалыптастырылады.

Ұйымның қызмет нәтижелері туралы есебіне:

педагогтердің біліктілігін арттырудың іске асырылған бағдарламалары туралы;

біліктілікті арттыру бағдарламаларын іске асыруға қатысатын тиісті бейін бойынша жаттықтырушы-оқытушылардың, ұйымдардың (өндірістік кәсіпорындардың) мамандары мен қызметкерлерінің білімі, дәрежесі немесе біліктілігі туралы;

Курстарды өткізу нысаны туралы (күндізгі, қашықтықтан немесе аралас оқыту нысаны);

тыңдаушыларды қорытынды бағалау нәтижелері және олардың Курстардың сапасы бойынша кері байланысы туралы;

Курстардың мазмұны мен ұйымдастырылуын жетілдіру бойынша ұйым қабылдаған шаралар туралы ақпарат кіреді.

Ұйым қызмет нәтижелері туралы есеп бергеннен кейін Комиссия күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде ПБДҚ-дағы ұсынылған мәліметтер мен деректерге талдау жүргізеді.

Қажет болған жағдайда жұмыс тобы:

Курстардың өткізілуіне бақылауды жүзеге асырады;

Курс Тыңдаушылар арасында сауалнама жүргізеді.

Мониторинг жүргізу кезінде мынадай негізгі көрсеткіштер ескеріледі:

осы Қағидалардың 3 және 4 тармақтарына сәйкестігі;

ПБДҚ-ға енгізілген өткізілген Курстар мен тыңдаушылар туралы мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығы;

тыңдаушыларды қорытынды бағалау нәтижелері;

біліктілікті арттыру курстарының сапасы бойынша тыңдаушылардың кері байланыс нәтижелері.

Мониторинг нәтижелері бойынша Комиссия осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы қорытынды қалыптастырады және оны Уәкілетті органға жолдайды.

Көрсетілген қорытындының негізінде Уәкілетті орган 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға сәйкес Ұйымның Тізілімде болуын растау немесе одан шығару туралы шешім қабылдайды және оны Ұйымға ПБДҚ арқылы жолдайды.

10. Ұйымның тізілімде болуын растаудан бас тарту үшін негіздер анықталған кезде Уәкілетті орган мониторинг мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей ҚР ӘРПК 73-бабына сәйкес Ұйымға бас тарту туралы алдын ала шешім, тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы хабарлама жібереді.

Уәкілетті тұлға қол қойған тыңдау нәтижелері туралы хабарламаны Уәкілетті орган ПБДҚ-да орналастырады.

11. Ұйым тізілімнен келесі жағдайларда шығарылады:

1) ерікті түрде алып тастау туралы өтінішті ұсынғанда;

- 2) Ұйымның таратылғанда;
- 3) Тізілімде болу мерзімінің өткенде;

4) мониторинг нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 3 және 4-тармақтарына сәйкессіздік анықталған кезде.

Уәкілетті органның шешімімен келіспеген жағдайда, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа шағым жасауға ҚР ӘРПК 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

12. Педагог кәсіби құзыреттерді қолдау және дамыту мақсатында мемлекеттік бюджет есебінен де, басқа да көздер есебінен де біліктілікті арттыру курстарынан өтеді.

Педагог мемлекеттік бюджет есебінен курстардан өту үшін білім беру ұйымына осы Қағидаларға 3-қосымшасындағы нысанға сәйкес өтініш береді.

13. Жыл сайын білім беру ұйымы:

1) келесі күнтізбелік жылға педагогтердің біліктілігін арттыру жоспарын жасайды және өтінім дайындайды;

2) 1 (бірінші) маусымға дейін осы Қағидалардың 4-қосымшасындағы нысанға сәйкес аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) білім бөлімдеріне және Уәкілетті органға (республикалық білім беру ұйымдарына) педагогтерді курстарға жіберу туралы өтінім береді.

14. Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) білім бөлімі педагогтердің біліктілігін арттыру жоспарын қалыптастырады, ұсынылған өтінімдерді қарайды және оларды жыл сайын 1 (бірінші) шілдеге дейін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармасына (бұдан әрі – Білім басқармасы) жібереді.

15. Білім басқармасы жыл сайын 1 (бірінші) қыркүйекке дейін педагогтерді курстарға бөле отырып, алдағы қаржы жылына арналған облыс педагогтерінің біліктілігін арттыру жоспарын қалыптастырады және уәкілетті органға ұсынады.

16. Білім басқармасы Уәкілетті органға бекітілген жоспарларға сәйкес Курстар басталғанға дейін 2 (екі) ай бұрын осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтерді курстарға жіберу туралы өтінім жібереді.

17. Ұйым Курстарды өткізудің жылдық кестесін әзірлейді және келіседі:

1) жергілікті бюджет қаражаты есебінен Курстардың білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде білім басқармасымен;

2) республикалық бюджет қаражаты есебінен Курстардың білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде Уәкілетті органмен және Білім басқармасымен.

18. Педагогтер білім беру ұйымдары, білім бөлімдері, білім басқармалары басшыларының бұйрықтарының негіздерінде Курстарға жіберіледі.

19. Курстарды ұйымдастыру және өткізу жылдық кестемен және сабақ кестесімен реттеледі.

20. Тыңдаушыларды бюджет қаражаты есебінен Курстарға қабылдау Ұйым басшысының бұйрығымен Білім басқармаларының хаттары негізінде тыңдаушылар тізімдерін қоса бере отырып ресімделеді.

Курстарға жіберілген педагог ұйымға жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсынады.

Педагогтер туралы деректерді қамтитын цифрландыру объектісі болған кезде жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі талап етілмейді.

21. Ұйым ПБДҚ-да курстардан өткен педагогтердің мәліметтерін толтырады. Деректер педагог Курстарды аяқтаған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмей толтырылады.

22. Білім басқармасы жыл сайын 25 желтоқсанға дейінгі мерзімде жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырылған курстардың білім беру бағдарламалары туралы ақпаратты уәкілетті органға ұсынады.

3-тарау. Педагогтердің біліктіліктерін арттыру курстарын жүргізу тәртібі

23. Курстар:

- 1) күндізгі нысанда (жалақысын сақтай отырып, еңбек қызметінен қол үзіп);
- 2) қашықтық нысанда (еңбек қызметінен қол үзбей);
- 3) аралас нысанда (қашықтықтан оқыту нысанын қолдана отырып, күндізгі нысанда ұйымдастырылады.

24. Қашықтықтан немесе аралас нысанда оқыту LMS-те жүзеге асырылады, оған:

- 1) тыңдаушының жеке кабинеті;
- 2) оқыту және бағалау материалдары мен ресурстары;
- 3) оқу сабақтарының кестесі;
- 4) педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу материалдары кіреді.

25. Курстардың ұзақтығы 36 және одан да көп академиялық сағатты құрайды. Курстың бір академиялық сағаты 45 минутты құрайды.

26. Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысанда Тыңдаушы Ұйыммен оқытуға арналған шарт жасасады.

27. Курс аяқталғаннан кейін Ұйым білім беру бағдарламасына сәйкес нысан бойынша қорытынды бағалау өткізеді.

28. Қорытынды бағалаудан өткен тыңдаушыларға осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес қағаз немесе цифрлық түрде сертификат беріледі.

Қағаз түріндегі сертификат арнайы қорғау деңгейін талап етеді және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 3 қазандағы № 815 "Арнаулы дәрежеде қорғауды талап ететін баспа өнімін берушіні айқындау, сондай-ақ одан сатып алынатын осындай өнімнің тізбесін бекіту туралы" Қаулысына сәйкес сатып алынады.

Цифрлық сертификат Ұйым тарапынан міндетті түрде QR-кодты (кью ар-кодты) пайдалану және ПБДҚ-да верификациялау арқылы беріледі. Осыған байланысты қағаз сертификаттарды беру талап етілмейді.

29. Тағылымдама техникалық және кәсіптік білім, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының тыңдаушылары үшін Курстың бір бөлігі болып табылады.

Тағылымдама Курстың бекітілген оқу бағдарламасына сәйкес кәсіпорындарда (ұйымдарда) ұйымдастырылады.

Ұйым кәсіпорынмен (Ұйыммен) тағылымдаманы ұйымдастыру туралы меморандум жасайды.

30. Қорытынды бағалаудан өтпеген тыңдаушыларға Ұйым осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес Курсты тыңдағаны туралы анықтама береді.

Курсты тыңдау туралы анықтама тыңдаушыны оқыту бойынша Ұйымның міндеттемелерін орындағанын растайтын қорытынды құжат болып табылады.

Курсты тыңдау туралы анықтаманы алған тыңдаушылар жылына бір реттен артық емес қорытынды бағалаудан қайта өту мүмкіндігіне ие болады.

31. Курсты өту туралы келісімнің шарттарын дәлелді себепсіз орындамаған тыңдаушылар Ұйым басшысының бұйрығы негізінде оқудан шығарылады.

Дәлелді себептер ретінде Тыңдаушыға байланысты емес және оның келісім шарттарын орындауына кедергі келтіретін, құжаттамалық расталған мән-жайлар, оның ішінде уақытша еңбекке жарамсыздық, науқас баланы күту қажеттілігі, жақын туысының қайтыс болуы, процестік әрекеттерге қатысуы, төтенше жағдайлар танылады.

Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен төленген қаражатты қайта есептеу және қайтару Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тыңдаушының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Өзге де көздер есебінен төленген қаражатты қайта есептеу және қайтару Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Оқуды дәлелді себептермен аяқтамаған Тыңдаушы қаржыландыру көздеріне қарамастан төленген қаражат шеңберінде ағымдағы күнтізбелік жыл ішінде басқа топқа ауыстырылады.

Тиісті құжаттармен расталған дәлелді себеп бойынша оқуды жалғастыру мүмкін болмаған жағдайда, тыңдаушы өтініші негізінде оқудан шығарылады. Көрсетілмеген қызмет үшін қаражатты қайта есептеу немесе қайтару Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ұйым тыңдаушының жұмыс берушісіне оқудан шығарылғаны жөнінде хабарлайды.

32. Ұйым басшысы берілген күннен бастап 3 (үш) жыл ішінде жарамды сертификатқа және сертификаттың түпнұсқалығын тексеру үшін QR-коды (кью ар-коды) бар қосымшаға қол қояды.

4-тарау. Педагогтің қызметіне курстан кейінгі қолдауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі

33. Ұйым педагогтің Курсқа жіберген білім беру ұйымымен бірлесіп, педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді жүзеге асырады.

Курстан кейінгі қолдаудың мазмұны Курстардың білім беру бағдарламасының мақсаттарымен, міндеттерімен және күтілетін нәтижелерімен анықталады. Жаттықтырушы-оқытушылармен курстан кейінгі сүйемелдеудің ұзақтығы Курстардың ұзақтығына сәйкес белгіленеді және оқытудың әрбір академиялық сағатына курстан кейінгі сүйемелдеудің кемінде 2 (екі) академиялық сағатын құрайды.

34. Курстан кейінгі сүйемелдеу курс аяқталғаннан кейін бір күнтізбелік жыл ішінде Ұйым белгілеген мерзімде жүргізіледі.

35. Курстан кейінгі сүйемелдеуді жүзеге асыру барысында педагог:

1) курстан кейінгі сүйемелдеудің жеке жоспарын жасайды және Курстар аяқталғаннан кейін 2 (екі) апта ішінде білім беру ұйымының басшысына бекітуге ұсынады;

2) Ұйымға сабақтың (оқу сабағының, ұйымдастырылған іс-әрекеттің, іс-шараның) жоспарын ұсынады және жоспарлау бойынша кері байланыс алады;

3) кері байланысты ескере отырып, сабақтар (сабақтар, іс-шаралар) өткізеді;

4) меңгерген құзыреттерді қолдануды талдайды және Ұйымға сабақтың (оқу сабағының, ұйымдастырылған іс-әрекеттің, іс-шараның) қорытындысы бойынша талдамалық есеп ұсынады;

5) меңгерген құзыреттерді енгізгенге дейін және енгізгеннен кейін білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) білім беру нәтижелеріне білімді диагностикалық бағалау және сауалнама жүргізу арқылы мониторинг жүргізеді;

6) білім беру ұйымының педагогтері үшін әдістемелік іс-шара өткізеді;

7) Ұйым өткізетін курстан кейінгі сүйемелдеу іс-шараларына (конкурстарға, конференцияларға, семинарларға, дөңгелек үстелдерге және басқа да білім беру іс-шараларына) қатысады.

Білім беру ұйымы:

1) курстан кейінгі сүйемелдеу жоспарын бекітеді;

2) сабақты (сабақтарды, іс-шараларды) бағалау арқылы педагогтің алған құзыреттерін қолдануына бақылауды және мониторингілеуді жүзеге асырады;

3) Ұйым өткізетін курстан кейінгі сүйемелдеу іс-шараларына қолжетімділікті және педагогтің қатысуын қамтамасыз етеді;

4) педагогке осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша курстан кейінгі сүйемелдеуден өткені туралы анықтама береді.

Ұйым:

1) Курста оқытудың бірінші және соңғы күні педагогтерге білім беру бағдарламаларының өзектілігі мен мазмұнына қанағаттану деңгейі, Курсты өткізу

сапасын бағалау бойынша сауалнама жүргізу арқылы білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторинг жүргізеді;

2) Курстар аяқталғаннан кейін 2 (екі) апта ішінде курстан кейінгі сүйемелдеу бағыттарын айқындау үшін қажеттіліктерге талдау жүргізеді;

3) курстан кейінгі сүйемелдеудің жеке жоспарын әзірлеу кезінде педагогтерге әдістемелік және консультациялық қолдау көрсетеді;

4) сабақты (оқу сабақтарын, іс-шараны) жоспарлау кезінде педагогке әдістемелік және консультациялық қолдау көрсетеді, сабақ жоспары (оқу сабақтары, іс-шаралар) бойынша кері байланыс ұсынады;

5) білім беру ұйымының сұрауы бойынша сабақтарды (оқу сабақтарын, іс-шараларды) байқау арқылы педагогтердің тәжірибесіндегі өзгерістер динамикасына талдау және бағалау жүргізеді;

6) педагогтердің алған құзыреттерін қолдану тәжірибесімен алмасу бойынша курстан кейінгі сүйемелдеу іс-шараларын жүргізеді;

7) ПБДҚ-на курстан кейінгі сүйемелдеуден өткені туралы анықтаманы жүктейді.

Білім басқармасы:

1) педагогтердің меңгерген кәсіби білімдері мен дағдыларын тәжірибеге енгізуі бойынша әдістемелік сүйемелдеу көрсетеді;

2) сабақтарды (оқу сабақтарын, ұйымдастырылған іс-әрекеттерді, іс-шараларды) бақылау арқылы педагогтердің практикасындағы өзгерістер динамикасына талдау және бағалау жүргізеді;

3) білім алушылардың білім беру жетістіктеріне жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша есептілікті жүргізеді.

Педагогтердің біліктілігін
арттыру курстарын
ұйымдастыру және өткізу,
сондай-ақ педагогтің қызметін
курстан кейінгі қолдау
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Өтініш

(заңды тұлғаның толық атауы)

Педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымдарының Тізіліміне енгізуді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекен-жайы _____

Электрондық поштасы _____

Телефондары _____

Басшы _____

(мөр орны) (Қолтаңба) (ТАӨ (ол болған жағдайда)

" _____ " _____ 20 _____ ж.
(Толтырған мерзімі)

Педагогтердің біліктілігін
арттыру курстарын
ұйымдастыру және өткізу,
сондай-ақ педагогтің қызметін
курстан кейінгі қолдау
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымдарының Тізілімі

№	Педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымы	Шешімнің нөмірі мен күні	Қолданылу мерзімі
---	--	--------------------------	-------------------

Педагогтердің біліктілігін
арттыру курстарын
ұйымдастыру және өткізу,
сондай-ақ педагогтің қызметін
курстан кейінгі қолдау
қағидаларына
3-қосымша
Нысан
Басшыға

(білім беру ұйымының атауы)

(ТАӘ (ол болған жағдайда)
кімнен _____
(ТАӘ (ол болған жағдайда)

(қызметі)

Өтініш

Мен, _____

(ТАӘ (ол болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы педагогтерінің біліктілігін арттыру курсына оқу _____
_____ тілінде жүргізілетін топта оқу үшін кандидатурамды қарауыңызды өтінемін.

(өтініш берушінің қолы)

" _____ " _____ 20 _____ жыл

(өтініш берілген күні)

Педагогтердің біліктілігін
арттыру курстарын
ұйымдастыру және өткізу,
сондай-ақ педагогтің қызметін
курстан кейінгі қолдау

Білім беру ұйымы/Білім басқармасы _____
білім беру ұйымының/білім басқармасының атауы

" ____ " _____ 20 ____ жыл

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарына арналған педагогтер тізімі _____

ЖЫЛ

№	(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Лауазыма	Пәні	Оқыту тілі
1				
2				
3				
4				

Білім беру ұйымының/білім басқармасының басшысы:

ТАӘ: _____

Қолы: _____

Педагогтердің біліктілігін
арттыру курстарын
ұйымдастыру және өткізу,
сондай-ақ педагогтің қызметін
курстан кейінгі қолдау
қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Біліктілікті арттыру курсы бойынша оқыту туралы келісім

Мен, _____

(ТАӘ (ол болған жағдайда)

" ____ " ____ " ____ бастап

" ____ " ____ 202 ____ аралығындағы тиісті бағыт бойынша
_____ базасынды өткізілген _____ (бұдан әрі - Ұйым)

_____ тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының тыңдаушысы екендігімді растаймын

Осыған байланысты мынадай міндеттемелерді аламын:

- 1) бекітілген оқу кестесі, оқу жоспары және сабақ кестесіне сәйкес білім алу;
- 2) оқу тәртібін және этикалық нормаларды сақтау, жаттықтырушы-оқытушыларға және басқа тыңдаушыларға құрметпен қарау;
- 3) біліктілікті арттыру курсының сабақтарына сабақ кестесіне сәйкес толық көлемде қатысу;

4) қорытынды бағалаудан белгіленген түрде өту.

Осы келісімнің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Ұйым Жұмыс берушіні/Білім басқармасын бұл туралы хабардар етуге құқылы екеніне келісемін.

Осы келісім шеңберінде менің дербес деректерімді және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді жинауға және өңдеуге, оның ішінде үшінші тұлғаларға беруге келісім беремін.

Дербес деректерді жинауға және өңдеуге берілген келісімнің мерзімі осы келісімнің қолданылу кезеңінде қолданылады.

_____ " _____ " _____ 20__ жыл (қолы)
" _____ " _____ 20__ жыл

Педагогтердің біліктілігін
арттыру курстарын
ұйымдастыру және өткізу,
сондай-ақ педагогтің қызметін
курстан кейінгі қолдау
қағидаларына
6-қосымша
Нысан

Ұйымның ресми атауы	Ұйымның логотипі	Официальное наименование организации
------------------------	---------------------	---

СЕРТИФИКАТ

Осымен _____ біліктілікті арттыру
(ТАӘ (ол болған жағдайда)
курсын _____ тақырыбы бойынша
(курс тақырыбы)
_____ академиялық сағат көлемінде өткендігін растайды.

Ұйым басшысы _____

(ТАӘ (ол болған жағдайда) (қолы)

Мөр орны (бар болған жағдайда)

Тіркеу нөмірі № _____

Берілген күні: " _____ " _____ 20__ жыл

Ұйымның ресми атауы	Ұйымның логотипі	Официальное наименование организации
------------------------	---------------------	---

СЕРТИФИКАТҚА ҚОСЫМША _____

(ТАӘ (ол болған жағдайда)

Біліктілікті арттыру курстарында оқу кезінде келесі модульдер бойынша тиісті білім мен дағдыларды көрсетті:

№ Бағдарлама модульдерінің атауы Сағат саны Баға

Ұйым басшысы _____

(ТАӘ (ол болған жағдайда) (қолы)

Мөр орны (бар болған жағдайда)

Тіркеу номері № _____

Берілген күні: " ____ " _____ 20__ жыл

Педагогтердің біліктілігін
арттыру курстарын
ұйымдастыру және өткізу,
сондай-ақ педагогтің қызметін
курстан кейінгі қолдау
қағидаларына
7-қосымша
Нысан

Курсты тыңдағаны туралы анықтама

_____ берілді.

(ТАӘ (ол болған жағдайда)

Ол 20__ жылғы " ____ " _____ 20__ жылғы " ____ " _____

аралығында _____ бойынша

(мамандықтың және біліктіліктің атауы)

_____ базасында _____ бастап _____ дейін

(кәсіпорынның (ұйымның) атауы)

_____ академиялық сағат көлемінде курстан өтті

_____ бойынша

(қызметтің атауы)

функционалдық міндеттерін атқарды _____ кәсіби

дағдыларға ие болды.

Ұйым басшысы _____

(ТАӘ (ол болған жағдайда) (қолы)

Мөр орны (бар болған жағдайда)

Тіркеу номері № _____

Берілген күні: " ____ " _____ 20__ жыл

Педагогтердің біліктілігін
арттыру курстарын
ұйымдастыру және өткізу,
сондай-ақ педагогтің қызметін
курстан кейінгі қолдау
қағидаларына
8-қосымша
Нысан

Курстан кейінгі қолдау қызметінен өту туралы анықтама берілді

(ТАӘ (ол болған жағдайда)

" ____ " _____ 20__ ж. бастап " ____ " _____ 20__ ж. дейін біліктілікті арттыру

курсы аясында курстан кейінгі қолдауға қатысып, _____
тақырыбы бойынша _____ академиялық сағат көлемінде
курсты өтті және кәсіби құзыреттерді педагогикалық тәжірибеге енгізу жөніндегі
материалдарды ұсынды.

Білім беру ұйымының басшысы _____

(ТАӘ (ол болған жағдайда) (қолы)

Мөр орны (бар болған жағдайда)

Берілген күні: " ____ " _____ 20__ жыл